

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 14 наурыздағы
шығыс № ДС-108 тапсырмаға

Құрметті депутаттар!

Насыбай айналымын реттеу туралы депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Насыбайды тұтынудың адам ағзасына тигізетін кері әсерін ескере отырып, 2020 жылы шегілмейтін темекі бұйымдарын, оның ішінде насыбайды әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға толық тыйым салынды («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау туралы» Кодексінің 110-бабының 9-тармағы).

Бұл норманы бұзғаны үшін 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл қарастырылған («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 196-бабы).

Алайда насыбайды заңсыз сату және тарату бойынша жауапкершілікті қатайту мақсатында «Денсаулық сақтау саласындағы кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Парламент қабылдаған Заңда шегілмейтін темекі бұйымдарын әкелу, өндіру, сату және тарату үшін қылмыстық жауапкершілік көзделді (Қылмыстық кодекстің 301-1-бабы).

Анықтама: сату және тарату үшін – 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салу немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, не 50 тәулікке дейін қамауға алу;

әкелу, өндіру үшін – 2000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айырумен немесе онсыз мүлкін тәркілеу.

Бірнеше рет немесе аса ірі мөлшерде табыс алумен байланысты қылмыстық топ жасаса – 5000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не 1200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға не мүлкі тәркіленіп 5 жылға дейінгі мерзімге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Заңға енгізілген нормаларды халық арасында түсіндіру бойынша тиісті профилактикалық іс-шаралар өткізілуде.

Т. Дүйсенова

Орынд. Қоскелдинова Ш.Ч.
Тел.750013